

Оңалту рәсімі, конкурстық іс жүргізу және борышкерді соттан тыс тарату мерзімдерін ұзарту және аяқтау туралы нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті төрағасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 69 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 9 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1942. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс Комитеті төрағасының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 12 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс Комитеті төрағасының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 12 бұйрығымен (2006 жылғы 8 желтоқсанда N 213-ші "Заң газеті" газетінде жарияланды).

-----Бұйрықтан үзінді-----

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс Комитеті Төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылған деп танылсын.

2. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған кейінгі он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Төраға

*Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Дәрменсіз
борышкерлермен жұмыс Комитеті
төрағасының 2006 жылғы
20 наурыздағы N 12 бұйрығына
қосымша*

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс
Комитеті Төрағасының күші жойылған кейбір
бұйрықтарының тізімі*

3. "Оңалту рәсімі, конкурстық іс жүргізу және борышкерді соттан тыс тарату мерзімдерін ұзарту және аяқтау туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен

*жұмыс жөніндегі комитеті Төрағасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 69 бұйрығы,
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1942 тіркелген.*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы "Банкроттық туралы"
Заңын іске асыру және құру тәртібі жөніндегі комитеттің өз қызметі шегінде
банкроттық рәсімін өткізуге бақылау жүргізуді іске асыру мақсатында,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Оңалту рәсімі, конкурстық іс жүргізу және борышкерді соттан тыс тарату
мерзімдерін ұзарту және аяқтау туралы Нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі
комитет Төрағасының орынбасары Н.Қ.Мақажановқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркеуден өткеннен кейін өз күшіне енеді.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс
жөніндегі комитет төрағасының
2002 жылғы 11 шілде N 69 бұйрығымен
бекітілген

**Оңалту рәсімі, конкурстық іс жүргізу және борышкерді
соттан тыс тарату мерзімдерін ұзарту және аяқтау туралы
нұсқаулық**

Осы Оңалту рәсімі, конкурстық іс жүргізу және борышкерді соттан тыс
тарату мерзімдерін ұзарту және аяқтау туралы нұсқаулық (бұдан әрі - нұсқаулық)
"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 маусымдағы
Заңына сәйкес әзірленген (бұдан әрі - Заң).

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) мен
оның аумақтық органының оңалту рәсімі, конкурстық іс жүргізу және
борышкерді соттан тыс тарату мерзімдерін ұзарту және аяқтау сұрақтарын
айқындайды.

1. Оңалту рәсімі мерзімдерін ұзарту және аяқтау

1. Оңалту рәсімін жүзеге асырудың ұзақтығы екі жылдан аспауға тиіс.
2. Оңалту рәсімін тоқтатқан жағдайда оңалтуды басқарушы кредиторлар
комитетінің келісімі негізінде борышкерге қатысты оңалту рәсімін аяқтағаны
жөнінде сотқа өтініш жібереді:

борышкерге қатысты оңалту рәсімін жүзеге асыру мақсатына қол жеткізгенде

;

егер бұл мақсатқа қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда. Осындай жағдайда Комитет қорытындысымен немесе оның аумақтық органының қорытындысымен оңалту ісін басқарушы Заңның 36 бабының 1-ші тармағының 5) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

3. Оңалтуды басқарушы кредиторлар комитетінің алдында оңалту рәсімін ұзартуға өтініш жасауға құқығы бар.

4. Кредиторлар комитетінің келісімі бар болғанда Комитет пен оның аумақтық орган оңалтуды басқарушы тапсырған құжаттарды (1-қосымша), оның ішінде оңалту рәсімін жүргізу есебін қарайды және оңалту рәсімін жүргізудің нәтижесі бойынша қорытынды береді.

5. Сот оның жүзеге асыру мерзімін ұзартуға қақылы, бірақ ол 6 айдан аспауға тиіс.

2. Конкурстық іс жүргізу және борышкерді соттан тыс тарату мерзімдерін ұзарту және аяқтау

6. Конкурстық іс жүргізу және борышкерді соттан тыс таратуды жүргізу мерзімі алты айдан аспауы тиіс.

7. Оңалтуды басқарушының оңалту рәсімін ұзарту жөніндегі өтініші Комитетке немесе оның аумақтық органына конкурстық іс жүргізу мерзімінің аяқталуына дейін он бес күннен кешіктірмей тапсыруы тиіс (2-қосымша).

8. Табиғи монополиялар субъектілері немесе тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие болған нарық субъектілері болып табылатын, немесе республиканың экономикасы үшін зор стратегиялық маңызы бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға ықпал ете алатын ұйымдар банкрот болған, сондай-ақ мемлекеттің бастамашылығымен банкрот деп танылған жағдайда, конкурсты басқарушының өтініші бойынша кредиторлар комитетінің келісімімен Комитет немесе оның аумақтық органы конкурстық іс жүргізуді ұзартуы мүмкін.

9. Комитет немесе оның аумақтық органы конкурсты басқарушының өтінішінің негіздемесін, сондай-ақ Заңның 10-1-бабына сәйкес оның аралық есебін қарап, тиісті құжаттардың түскен күнінен бастап бес күн ішінде конкурстық іс жүргізу (соттан тыс тарату) мерзімін ұзартуы мүмкін (3-қосымша).

10. Конкурстық іс жүргізуді аяқтағанда оның мерзімдерін ұзартылғаны ескеріле отырып, конкурсты басқарушы Комитет немесе оның аумақтық органымен келісіп өзінің қызметі туралы және сотқа тарату балансын, соттан тыс тарату рәсімінде - кредиторлар комитетіне қорытынды есеп тапсырады.

11. Сот Заңның 87-бабының 2-тармағына сәйкес осы Нұсқаулықтың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды табыс еткен кезден бастап он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде конкурстық іс жүргізуді аяқтау туралы ұйғарым шығарады.

12. Соттан тыс тарату рәсімінде конкурстық іс жүргізуді аяқтау туралы шешімді Заңның 99-бабының 3-тармағына сәйкес кредиторлар комитеті қабылдайды.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс
жөніндегі комитет Төрағасының
2002 жылғы 11 шілде N 69 бұйрығымен
бекітілген, Оңалту рәсімі,
конкурстық іс жүргізу және
борышкерді соттан тыс тарату
мерзімдерін ұзарту және аяқтау
туралы нұсқаулықтың

1-қосымшасы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
кіріс министрлігінің Дәрменсіз
борышкерлермен жұмыс жөніндегі
комитетінің _____
облысы бойынша басқармасы

Өтініш

_____ сотының 20__ жылғы "___" _____ шешімімен
_____ оңалту рәсімі енгізілді.

(банкрот-ұйымның атауы)

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы
Заңның 50-бабына сәйкес оңалту рәсімінің мерзімін ұзарту туралы уәкілетті
органның қорытындысын алу үшін қарауға құжаттарды тапсырамын.

Қ о с ы м ш а :

1. Оңалту рәсімінің мерзімін ұзарту туралы кредиторлар комитеті
отырысының хаттамасы, _____ б.

2. Оңалтуды басқарушының оңалту рәсімінің мерзімін ұзартуға
негіздемесі, _____ б.

3. Оңалтуды басқарушының оңалту рәсімін жүргізу барысы туралы есебі, _____
б.

4. Өзгелер, _____ б.
Оңалтушы басқарушы

_____ (банкрот-ұйымның атауы) _____ (қолы) _____ (аты-жөні)
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс
жөніндегі комитет Төрағасының
2002 жылғы 11 шілде N 69 бұйрығымен
бекітілген, Оңалту рәсімі,
конкурстық іс жүргізу және
борышкерді соттан тыс тарату
мерзімдерін ұзарту және аяқтау
туралы нұсқаулықтың
2-қосымшасы
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
кіріс министрлігінің Дәрменсіз
борышкерлермен жұмыс жөніндегі
комитетінің _____
облысы бойынша басқармасы

Өтініш

_____ сотының (уәкілетті органның) 20__ жылғы "___" _____
_____ шешімімен _____

(банкрот-ұйымның атауы)

банкрот деп танылып конкурстық іс жүргізу (соттан тыс тарату рәсімі) енгізілді.

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы
Заңның 10-1-бабының 13-тармағына сәйкес конкурстық іс жүргізу (соттан тыс
тарату рәсімі) мерзімін ұзарту үшін қарауға құжаттарды тапсырамын.

Қ о с ы м ш а :

1. Конкурстық іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы кредиторлар комитеті
отырысының хаттамасы, _____ б.

2. Оңалтуды басқарушының конкурстық іс жүргізу мерзімін ұзартуға
негіздемесі, _____ б.

3. Оңалтуды басқарушының аралық есебі, _____ б.

4. Өзгелер, _____ б.

Конкурстық басқарушы

_____ (банкрот-ұйымның атауы) _____ (қолы) _____ (аты-жөні)
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс

жөніндегі комитет Төрағасының
2002 жылғы 11 шілде N 69 бұйрығымен
бекітілген, Оңалту рәсімі,
конкурстық іс жүргізу және
борышкерді соттан тыс тарату
мерзімдерін ұзарту және аяқтау
туралы нұсқаулықтың
3-қосымшасы

Ескерту: 3-қосымша өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 25 ақпандағы N 16 бұйрығымен .

БҰЙРЫҚ

Конкурстық іс жүргізу
(соттан тыс тарату)

мерзімін ұзарту туралы

_____ сотының (уәкілетті органның) 20__ жылғы "___" _____
_____ бұйрығымен _____

(банкрот-ұйымның атауы) банкрот деп танылып конкурстық
іс жүргізу (соттан тыс тарату рәсімі) енгізілді.

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңның 10-1-бабының 13-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 қарашадағы N 1268 "Қаржы Министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы қаулысы және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті төрағасының 2002 жылғы 11 шілде N 69 бұйрығымен бекітілген "Оңалту рәсімі, конкурстық іс жүргізу және борышкерді соттан тыс тарату мерзімдерін ұзарту және аяқтау туралы" Нұсқаулыққа сәйкес _____

(конкурсты басқарушының аты-жөні)
конкурстық басқарушының өтініші негізінде _____
(банкрот-ұйымның атауы)

кредиторлар

комитеті:

1. _____ конкурстық іс жүргізу (борышкерді
(банкрот-ұйымның атауы)
соттан тыс тарату) мерзімін _____ айға, 200__ жылғы "___"
_____ дейін ұзартсын деп шешті.

2. Конкурсты басқарушы _____

(а т ы - ж ө н і)

конкурстық іс жүргізуді заңмен белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген

мерзімде аяқтауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау _____
(а т ы - ж ө н і)

комитеті басқармасы бастығының орынбасарына жүктелсін.

К о м и т е т т ө р а ғ а с ы

(Басқарманың бастығы) _____
(қолы) (аты-жөні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК